



otpannews.kz

МАНҒЫСТАУ


1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№107 (10507) 30 ЖЕЛТОҚСАН, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



ҚҰРМЕТТІ МАНҒЫСТАУЛЫҚТАР, АРДАҚТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Жаңа жыл – жаңарудың, үміт пен сенімнің символы. Ескі жылды артқа тастап, жаңа белестерге бет бұрған осы сәтте әр шаңырақта қуаныш пен береке, жарқын болашаққа деген сенім ұялайды. Бұл – өткенге есеп беріп, алдағы күндерге айқын мақсат қоятын ерекше кезең.

2025 жыл Маңғыстау өңірі үшін табысты әрі маңызды іс-шараларға толы кезең болды. Түркі дүниесінің мәдени кеңістігінде ерекше орын алатын айтулы жылы Ақтау қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы атанып, өңіріміздің абыройын асқақтатты. 5 мыңнан астам адам ұлттық киім киіп, Гиннестің рекордтар кітабына еніп, қазақ халқының бай мәдениеті мен салт-дәстүрін әлемге паш етті. Бекет ата Мырзағұлұлының 275 жылдығы мен оның рухани ұстазы Шопан атаның рухына арналған бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар өңірде алғаш рет ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты дәріптейтін «Ақ Мая Fest» шұбат фестивалі өтті.

Бұдан бөлек Маңғыстау өлкесінде ауқымды іс-шаралар, жоспарлы жұмыстар жемісті жүзеге асты. Өңірдің экономикалық өсімінде оң көрсеткіштер орын алып, өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі айтарлықтай ұлғайды. Мұның бәрі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың алдымызға қойған нақты тапсырмалары мен барша маңғыстаулықтардың қажырлы еңбегінің арқасы екені сөзсіз.

Құрметті жерлестер, туған өлкеміздің өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп жүрген барша азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздердің еңбектеріңіз – Маңғыстаудың тұрақты дамуының берік негізі.

Қазақ халқы Жылқы жылын жақсылықтың, молшылық пен берекенің жылы деп бағалаған. Ендеше, келе жатқан Жаңа жыл елге құт әкеліп, әр отбасының несібесін молайтсын, бірлігімізді бекемдей түссін.

Жаңа жыл әр шаңыраққа амандық пен саулық, табыс пен бақ-береке әкелсін! Жаңа жыл құтты болсын!

Құрметпен,
Маңғыстау облысының әкімі
Нұрдәулет ҚИЛЫБАЙ



• БҮГІНГІ САНДА

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ ТУҒАН МАНҒЫСТАУЛЫҚТАР



2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БОЛЖАМ



» 3

» 8

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ ӨТТІ

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АТЫНАН
ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ҒАЖАЙЫПҚА ТОЛЫ ЖАҢА ЖЫЛ» АТТЫ
ДӘСТҮРЛІ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРША МЕРЕКЕСІ ӨТТІ.



Салтанатты іс-шараға 250 бала қатысты. Олардың қатарында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта және қоғамдық өмірде жетістікке жеткен дарынды балалар бар. Көңілді іс-шарада аниматорлар ертегі кейіпкерлерін жандандырып, ұйымдастырушылар балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, қалауын орындады. Балалар жаңажылдық кешке ерекше дайындалып келді.

Іс-шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай қатысып, Мемлекет басшысының атынан балаларды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

– Сіздер – еліміздің ертенісіздер. Елін сүйетін, білімге құштар, саналы ұрпақ болып қалыптасу – басты міндетіңіз. Мемлекет басшысы әрдайым балаларды қолдауға ерекше көңіл бөледі. Бұл мереке – соның айқын дәлелі. Жаңа жыл баршаңызға бақыт, денсаулық, бейбіт өмір мен жетістіктер әкелсін, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

Мереке аясында балаларға арналған




театрландырылған қойылымдар мен ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Іс-шараға қатысқан барлық балаға Қазақстан Республикасы Президентінің атынан арнайы жаңажылдық сыйлықтар табысталды.

Бұдан бөлек мерекелік бағдарлама аясында балалар үшін Әбіш Кекілбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейіне және Қабиролла Сыдықов атындағы әмбебап кітапханаға экскурсия ұйымдастырды.

Өз тілшіміз.

ТАБЫС АРТТЫРҒАН АРНАЙЫ АЙМАҚ



«АҚТАУ ТЕҢІЗ ПОРТЫ» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫ ҚҰРЫЛҒАН УАҚЫТТАН БЕРІ 362 МЛРД. ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛҒАН. 574,7 МЛРД. ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІ ӨНДІРІЛІП, 3 МЫҢНАН АСТАМ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛҒАН. СОНДАЙ-АҚ 4 МЛРД. ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ӨНІМ ЭКСПОРТТАЛДЫ.

» 4